

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 55 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 76-77, 675-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

"Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлім мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларға бірінші және екінші бағыттар бойынша кредит беру осы Жоспарға 2-1-қосымшаға сәйкес тамақ өнеркәсібінің қаржыландыруға арналған салаларының тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаның нысаналы мақсатын растау үшін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) нақты кодына байланыстырылған тізбеден кемінде бір тауар түрін шығару жеткілікті. Көрсетілетін қызметтер саласы үшін ЭҚЖЖ кодтарына жатқызу сәйкестік өлшемшарты болып табылады.";

"Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары" деген бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, ҚР ҰҚ қаражатының есебінен берілген барлық кредиттер үшін бір ШОКС-ға берілетін қаржыландырудың ең жоғары лимиті - 1850000000 (бір миллиард сегіз жүз елу миллион) теңге;"

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) оң қорытындысы қажет. Ол үшін "Даму" КДҚ" АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.";

"Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары" деген бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ІКС-ге берілетін қаржыландыру лимиті - 5000000000 (бес миллиард) теңгеге дейін;"

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, уәкілетті органның оң қорытындысы қажет. Ол үшін "ҚДБ" АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.";

1-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

"

Тамақ өнімдерінің өндірісі	10
----------------------------	----

"

деген жол алып тасталсын;

2-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

"

Тамақ өнімдерінің өндірісі	10
----------------------------	----

2	Балықтан жасалған өнімдер	4	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	1020	уылдырық және т.б. өндіру Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру. Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз жануарлардың судағы түрлерінен ұн және еритін заттарды өндіру. Теңіз балдырларын қайта өңдеу.
3	Сүт өнімдері және ірімшік	5	Сүтті өңдеу және ірімшік өндіру	1051	Жаңа сауылған табиғи сүтті, пастерленген сүтті, зарарсыздандырылған сүтті, гомогенделген сүтті және/немесе ультра тазартылған сүтті өндіру. Сүт негізіндегі сусындарды өндіру. Жаңа сауылған, қаймағы алынбаған, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенделген сүттен кілегей өндіру. Құрғақ немесе концентратталмаған сүтті өндіру. Сары май, йогурт, ірімшік және сүзбе, сарысу, казеин немесе лактоза өндіру.
		6	Балмұздақ өндіру	1052	Балмұздақ өндіру.
4	Май мен тоң май өндіру	7	Май және тоң май өндіру	1041	Тазартылған және тазартылмаған зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр өсімдік майын өндіру. Майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған ұнды немесе ұншаны өндіру.
		8	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	1042	Маргаринді өндіру. Тамақ дайындау үшін аралас майларды өндіру.
5	Қант және қанттан жасалған өнімдер	9	Қант өндіру	1081	Қантты (сахарозаны) құрақ, қызылша, үйеңкі және пальма шырынынан алынған құрамында қант бар заттарды өндіру немесе тазарту. Қант шәрбатын өндіру. Қара сірне өндіру. Үйеңкі шәрбатын және қантын өндіру.
6	Балалар тағамы	10	Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру	1086	Ерекше диеталар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балалар тағамын, қосымша сүт және басқа да тамақ өнімдерін, кіші жастағы балаларға арналған тамақ өнімдерін, калориясы аз және калориясы азайтылған өнімдерді өндіру.
7	Астықты терең өңдеу өнімдері	11	Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1062	Күріштен, картоптан, жүгеріден, бидайдан крахмал өндіру. Шикі жүгеріні ұсақтау. Глюкоза, қант шәрбатын, мальтоза, инулин өндіру. Балауыз өндіру. Тапиока мен крахмал қоспаларын өндіру. Жүгері майын өндіру.
	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін крахмал армен		Ұн-жарма өнеркәсібінің	1061	Ұн қоспаларын және нанға, тортқа, бәлішке, пирогтар мен бисквиттерге, печеньеелерге немесе құймақтарға арналған ұн қоспаларын, дайын ұн қоспалары мен қамырларын өндіру. Ұнды, жарманы, ұншаларды немесе бидай

8	крахмал өнімдерін өндіру	12	өнімдерін өндіру		қауыздарын, кара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дән қауыздарын өндіру
			Макарон өнімдерін өндіру	1073	Макарон өнімдері.
9	Дайын тамақ өнімдері	13	Дайын тамақ өнімдерін өндіру	1085	Ет тағамдарыны өндіру. Балықтың тартылған етін қоса алғанда, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден жасалатын тағамдарды өндіру. Тоңазытылған пиццаны немесе өзге тәсілмен сақтау үшін дайындалған пиццаны өндіру.
		14	Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері	1039	Жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді сақтау: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру, консервілеу және т.б. Жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және асханалық желе өндіру. Жаңғақтардан паста және басқа тамақ өнімдерін өндіру.
		15	Картопты өңдеу және консервілеу	1031	Өңделген тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, картоп ұнын және ұншаларын өндіру.
		16	Басқа санаттарға енгізілмеген басқа тамақ өнімдерін өндіру	1089	Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқа альбуминін өндіру. Ашытқылар өндіру.
10	Сусындар өндіру	17	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	1032	Жемістерден немесе көкөністерден шырындарды өндіру.
11	Жануарларға арналған азықтар өндіру	18	Үй жануарлары үшін дайын азық өндіру	1092	Жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса алғанда, фермалардағы жануарларға арналған дайын азықтар өндіру.
		19	Фермалардағы жануарлар үшін дайын азықтар өндіру	1091	Иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса алғанда, үй жануарлары үшін дайын азықтар өндіру.